МКҚК « Толағай» бөбекжайы

Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»

(Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)

Өткізген тәрбиеші:Сатиманова Замзагул

Қараша 2026жыл.

Сканировано с CamScanner

Тақырыбы:«Табиғатты аялайық»

Мақсаты :
Балаларға өсімдіктер туралы қарапайым түсінік беру, оларды суарып, күтуге үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Міндеттері :

Гүлдің өсуіне қажетті жағдайларды таныту.
Сукүйғыш, күрек сияқты құралдарды ажырату.
Қамқорлық пен ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру.

Қажетті көрнекіліктер:Кейіпкер , бағбан атай ,құралдар ,сукүйғыш ,гүлдер ,кішкентай күрек.

Ойынға керек :Суретті карточкалар, себет, гүл бейнесі, су құятын ыдыс.

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:
Тәрбиеші:

Балаларды шаттық шеңберіне шақырады, бір-біріне жылы тілектер айтқызады.

Шаттық өлеңі

Күннің көзі ашылды,
Көкке шуақ шашылды.
Қайырлы таң, балалар!
Қайырлы таң, табиғат.

Сканировано с CamScanner

2. Қонаққа Бағбан атай келді

Бағбан атайдың өтініші

«Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің гүлдерім шөлдеп қалыпты. Оларға су құйып, күтуге көмектесесіңдер ме?»

Балалар: «Иә, көмектесеміз!»

3. Гүлге қалай қамқорлық жасаймыз?

Су құямыз

Гүлдің түбіне аздап су құямыз.

Жарық керек

Өсімдікке күннің жарығы қажет.

Күтіп-баптаймыз

Жапырағын жұлмаймыз, топырағын таптамаймыз.

4. Дидактикалық ойын «Гүлге не қажет?»

5. Дидактикалық ойын «Бағбанның құралдарын тап»

Ойын мақсаты

Бағбанның еңбек құралдарын танып, атауға үйрету.

Ойын шарты

Үстелге сүкүйғыш, күрек, тырма, қолғап суреттері қойылады. Балалар көрсетілген құралды тауып, атын айтады.

6. Қимылды ойын «Гүлдерді суарамыз»

Мақсаты

Қимыл-қозғалысты дамыту, гүлге қамқорлық жасауға баулу.

Шарты

Балалар кішкентай сүкүйғышты алып, гүлдердің жанына кезекпен барады. Гүлдің түбіне су құйғандай қимыл жасайды.

7. Тәжірибелік жұмыс «Гүлімізге қамқор болайық»

Тапсырма

Балалар тәрбиешінің көмегімен бөлме гүлінің түбіне аздап су құяды. Жапырақтарын көрсетіп, гүлді жұлмай, сындырмай күту керектігін үйренеді.

8. Сергіту сәті «Гүлдер»

Қимылмен орындаймыз

Біз кішкентай гүлдерміз,

Сканировано с CamScanner

Жайқалып өсіп келеміз.
Күнге қарай созылып,
Жапырақты ашамыз.

9. Қорытынды

Сұрақ-жауап


Балаларға сұрақтар

Бізге кім қонаққа келді?
Гүлге не құямыз?
Гүлдерді жұлуға бола ма?
Өсімдікке қалай қамқорлық жасаймыз?

Күтілетін нәтиже

Балалар гүлді таниды, су құюды біледі, табиғатты аялауға талпынады.
«Табиғатты аялайық!»

Сканировано с CamScanner





Сканировано с CamScanner